

**Өшпес ерлігі ұрпаққа  
мұра -  
Әжіхан Дүйсенов**



**Батальон командирі, капитан Әжіхан Дүйсенов жары Сәбиламен**

**Ә. Дүйсенов майдандағы ерліктері үшін бірнеше орден, медальдармен марапатталған. Ержүрек жерлесіміз қаза тапқан соң оның орден, медальдарын қызмет еткен бөлімінен отбасына жолдаған. Алайда құдай қосқан зайыбы Сәбила мен қызы Клара мекен еткен шалаш өртенген кезде қолда бар наградалары жанып кеткен**

# Ұзынкөлдiк тыл еңбеккерi Ажығалиев Нұрсайын ақсақал ЕСТЕЛШІ

«-Әжіхан Дүйсенов кісіге қайырқом, орыс тілін еркін меңгерген сауатты, білімді болатынды. Соғысқа дейін ауыл мектебінде Әжіхан әскери дайындық пәнінен сабақ берген еді. Елді басқыншылардан қорғау үшін ол да майданға аттанды. Соғыста жүріп елге екі қайтара демалысқа келген азамат. Бірінші келгенін ұмытып отырмын, екінші рет 1944 жылдың мамыр айында ауылға демалысқа келді. Ақоба ауылына қатынайтын тіке жол жағынан бір өзі соғыстан қашып келе жатқан екі жауынгерді ұстап алып келіп, Ленин жолы колхозының аға мектебіне қамады. Содан соң сол екі тұтқынды аудан орталығына алып кетті. Осыдан-ақ Әжіханның Отанына шын берілген ержүрек азамат екенін байқауға болады. Оған сол уақыттағы ауылдастар куә. Кейін қайтадан майданға аттанды. Әжіхан қаза тапқан соң оның жары Сәбила мен қызы Клараға ай сайын 20 кг тамақ беріп тұрды. Ол кезде басқаларға ондай тамақ берілген емес. Соған қарағанда оның әскери шеніне де байланысты болар. Әжіхан соғыста қаза тапқан соң оның әскери киімдері мен наградаларын үйіне пошта арқылы жібергенін естігенмін. Әжіхан жан беріп, жан алып жатқан майданның ортасынан екі мәрте демалысқа келгеніне қарағанда жорық барысында ерлік жасаған болар, ол кезде тектен-текке демалыс бермеген ғой»

# Ажикан Дюсенов туралы орталық архивтен алынған анықтама



МИНИСТЕРСТВО ОБОРОНЫ  
РОССИЙСКОЙ ФЕДЕРАЦИИ  
(МИНВОЕНАРОМ РОССИИ)  
ЦЕНТРАЛЬНЫЙ АРХИВ

г. Москва, Мясницкая ул., 14/1500

б. № 0408, к. № 11, п. № 17513

№ № \_\_\_\_\_

Ватутханову А.К.  
ул. Шарафидинова,  
д. 93 м. 1, с. Жаппай,  
Исаныбалыкский р-н,  
Республика Казахстан,  
090000.

## Архивная справка

Сообщаем, что в картотеке учета и на-  
градных значков: капитан  
Дюсенов Ажикан, 1916 г.р., действительный  
адрес: Западно-Казахстанская обл., Дыган-  
кальский р-н, с. Туракут, зачисленный  
командира батальона 278 стрелкового  
полка 200 стрелковой дивизии, награднен:  
- медалью «За отвагу» № 43019 № 04/И  
от 00.10.42г.; наградная грамота № 140045,  
удостоверение № 294530;  
- орденом «Красного знамени» № 10 арм.  
№ 0412 от 19.02.42г.; наградная грамота № 21031,  
удостоверение № 200305;  
- орденом «Отечественной войны 2-ой» № 00 арм.  
№ 055 от 14.02.44г.; наградная грамота  
№ 21018; удостоверение № 211609;  
- орденом «Отечественной войны 1-ой»  
№ 00 арм. № 0426/№ 01 27.07.44г.; наградная  
грамота № 70011; удостоверение № 201200.  
основани: Удво. картотека учета наградных  
грамот и значков «Отечественной вой.


Зам. начальника отдела  
ист. работы



**КСРО Халық Қорғаныс Комиссариаты 878-шы атқыштар полкының командирі Хамуло мен штаб бастығы Гладкий 1944 ж. 26 қыркүйекте Ажикан Дюсеновтың хабарлы қағазын БҚО Жәнібек ауданы Ұзынкөл ауылына әйелі Шоқанова Сәбилаға 49867 дала поштасынан жолдаған**



Батальон командирі Әжіхан Дүйсеновтің хабарлы қағазы. 12.08.1944 жыл



# «Орал өңірі» газетінде жарық көрген Ж. Ысқақовтың мақаласы, 16 қыркүйек, 2010ж

5

Бейсенбі  
16 қыркүйек 2010 жыл

7

ДРАА

## Комбат Әжіхан

Әжіхан Дүйсенов 1915 жылы Жәнібек ауданында туған. Аудандық әскери комиссариаттың әскерге шақырмалы оған 290-шы II дәрежелі Кутузов орденді, Қызыл Тулы Могилев атқыштар дивизиясының батальон командирі болған. Кәсіптан Ә.Дүйсенов 1944 жылы 10 тамызда қаза ұрыста қаза тапты.



Ұлы Отан соғысына Жәнібек ауданынан 3602 адам аттанса, олардың ішінде Шәкір Мажитов пен Әжіхан Дүйсенов қана батальон басқарған. Әжіхан Дүйсенов жөнінде деректер жергілікті өкілетенушілердің іздестіруімен Ұлы Жерінің 65 жылдық мерекесі қарсаңында ғана белгілі болды. Осы деректер негізінде жолдары мен жерленген жері белгісіз болып келген еді.

1939 жылы, яғни соғысына кірісіп, Подольск қаласында жату әскерлер командалары тұрған. Әжіхан жеткен «Ленин» жастық жасөспірім мектебінде әскери дайындық пәнінен сабақ береді. Тарымас дәлсіз бұла қайратқа толы, жасы отызға да тоғмаған жігіт ат құлағында ойналған шашындоз болған. Ел басы-

1944 жылдың маусым айында жекпілсіз шайқас нәтижесінде Могилев қаласы азат етілді. Ауыр артиллерия мен танктер қолдауымен «Багратион» операциясы осылайша сәтті жүзеге асты. Осы ұрыста ерлігі үшін 36 жасушыгер мен сержантқа Кеңес Одағының Батыр атағы берілген. Оның бесуі 290-атқыштар дивизиясының жауынгерлері еді. Әсіресе орай, батальонды талай ұрысқа «уралаған» ұранмен бастап шаққан балалар командирі Ә.Дүйсенов бұл атаққа ұсынылған. Сонымен қатар, қазақтың талай маршала ұрпағы осындай әділетсіздіктен зардап шекті. Ол 1944 жылы Гродно облысының Сокольской ауданындағы Франск Буда селосын азат етуде ерлікпен қаза тапты.

на қара бұлт төнген 1942 жылдың жазында тәжірибелі командир Әжіхан майданға аттанады. Ол 2-Беларусь майданындағы 290-атқыштар дивизиясының 878-атқыштар полкының 3-атқыштар батальонына командир болып тағайындалады. Мұндай сәнім орыс уақытында сирек кездесетін құбылыс еді.

Оның ұйымдастырушылық қабілеті қолбасшылар назарынан тыс қалмады. 1943 жылы майданның қайнаған тұсында он күнге елге демалысқа жіберіледі. Сөйтіп, өзі майданға аттанғанда іште қалған қызы Клара мен сүйікті жары Сәбиланы көруге мүмкіндік туады. Елде бір аптадай демалған ол қайтадан қан майданға аттанған.



Әжіхан – соғыс жылдары елге екі рет демалысқа келген жауынгер. 1944 жылдың мамыр айында ауылға демалысқа келе жатқанда Ақоба ауылы тұсында бір өзі соғыстан қашып келе жатқан өмір адамды ұстап алып, «Ленин жолы» колхозының ағаш мектебіне қамады. Осыдан ақ Әжіханның Отанына шын берілген ержүрек азамат өкілі байсауға болады.

1980 жылы Мәскеу қаласынан жүз мың дана тиражбен жарық көрген М.Хамулоның «Полк, к бою!» кітабында жерлесіміз Әжіхан Дүйсеновтің ұрыстағы жүрек жұтқан ерліктері, тактикалық ақыл-ойы лайықты бағаланған.

Отан үшін қасық қанын қиған есіл ердің қызы Клара Әжіханова қазір Жәнібек ауданының Ұзынкөл ауылында тұрады.

**Жәмелетдин ЫСҚАҚОВ,**  
республикалық  
дәрежедегі зейнеткер,  
доғарыстағы полковник,  
Жәнібек,  
Қаратөбе аудандарының  
құрметті азаматы

# Майдангердің ұрпағы- Клара Әжіханқызымен жүздесу








# Аға лейтенант, 4-ші атқыштар полкінің командирі А. Дүйсеновке 1942 жылдың 12 желтоқсанда «Ерлігі үшін» медалі берілді



**Марапаттау қағазында былай делінген:** Жолдас Дүйсенов - өз ісін жақсы білетін, қайрағты, басқаларға үлгі бола білетін командир, ұрыста-батыл, еркін, тапқыр жан. 878 СП қатарында бола жүріп, өз бөлімшесінің тәртібін қатаң сақтап, қорғаныс жүйесінде полктың ең үздік бөлімшесі бола білді. Калуга қаласы үшін болған ұрыста атқыштар ротасын басқарды. 3.01.42 жылы Юхнов қаласының маңында болған ұрыста, Лобанов деревнясын қарсыластарынан азат етіп, 3 адамды тұтқынға алды. 5 ақпанда Макаровка деревнясын жаудан тазартса, сәуір айында, Фомино-1 деревнясы үшін болған ұрыста, қатардан шығып қалған комбаттың орнын басып, басқа бөлімшелермен біріге отырып, немістермен болған қантөгіс ұрыста стратегиялық маңызы зор негізгі пунктті немістерден тартып алды. Ұрыс барысында 4 рет жараланды, оның екеуінде ауыр жарақат алды.


Аға лейтенант, 4-ші атқ. полкінің командирі А. Дүйсенов  
1943 ж. 5 шілдеде **«Қызыл Ту»** орденіне ұсынылды



**Марапаттау қағазында былай делінген:** 1941 ж. қыркүйек айынан бастап, Дүйсенов неміс басқыншыларына қарсы үздіксіз ұрыс жүргізіп келеді. І Ленин Орденді 99 ср. полкі құрамында Житомирь обл, Коростень қ. үшін болған 3 күнге созылған ұрыста, танкпен шыққан қарсыластарына тойтарыс берді. 885 взводга командир бола жүріп, командованиенің тапсырмасымен 4 рет барлауға шықты. Немістердің күпті барлау тобын өз жағынан ешбір пығынсыз жойды. Батыл да, қарапайым, салмақты, бірқалыпты жауынгерлер мен командирлер арасында зор құрметке ие жолдас Дүйсенов «Қызыл Ту» орденімен марапаттауға лайық.

Командир 878 КСП 290 ср. майор: Симуков.

Аға лейтенант, 2-ші батальон командирінің орынбасары  
А. Дүйсенов 1943 ж. 6 қарашада **«II дәрежелі Отан соғысы»**  
**орденіне** ұсынылды




**Марапаттау қағазында былай делінген:**

Полктың бастаушы операцияларында өзінің білімділігін, тәжірибесін, шешім қабылдағыштығымен бағылдығын көрсете білді. 43 жылдың июль-сентябрь айларында ротаны басқара отырып, өз бөлімшесімен бірнеше соққылар жасады. Соның нәтижесінде Б-НАТАРОВО, МАЯК, ДЕСЕНКА, ГРЕЧИЦЕ, НОСКОВО және т.б. деревняларды басып алды.

1943 жылдың 13 қазанында болашақ батальон командирінің орынбасары Дүйсенов Ленино ауданындағы қарсыластарының өте күшейтілген линиясында, өздерінің аз құрамымен немістердің бірнеше қайтара контрагакасына төтеп беріп, траншеялардағы немістерді қолға түсірді. Жолдас ДҮЙСЕНОВ **«II дәрежелі Отан соғысы»** ордені мемлекеттік марапатына лайық.

878 Ксп командирі, майор ШАРАФАНЕНКО.

# Капитан, 2-ші батальон командирінің орынбасары А. Дүйсенов 1944 ж. 2 шілдесінде «I дәрежелі Отан соғысы» орденіне ұсынылды



## Марапаттау қағазында былай делінген:

1944 жылдың 23 маусымында Проня ауданындағы қарсыластарының күшті шебін бұзу кезінде теңдесі жоқ ерліктің үлгісін, өзінің шебер басқарушылық қабілетін көрсете білді. Оның басқарушылық қабілетінің арқасында Проня өзенінен өту кезінде шапшаң алға жылжи отырып, жолдарындағы село ларды азат етіп отырды, немістер көптеген шығын мен солдаттарымен офицерлерін тастай кейін шегінді. Дүйсенов бірнеше қайтара жауынгерлер қатарында қызу айқасқа түсіп, батальонның жеке құрамына күш берді. Жолдас Дүйсенов “I дәрежелі Отан соғысы” ордені мемлекеттік наградасына лайық.

Полк командирі, подполковник: Хомуло

# Аман-есен елге оралған ардагерлердің бір тобы





*Ұлы Отан соғысына  
Ұзынкөл ауылы округінен  
аттанған жасуынгерлерге арналған белгі*